

## **12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:**

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку жоспарлары негізінде Қаражар орта мектебінің жылдық жұмыс жоспары құрылды және аудандық білім бөлімімен бекітіліп, МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестендірілді.

2) «Қаражар орта мектебі» КММ 2021-2022 оку жылына арналған жұмыс жоспары мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің келісімімен, облыстық білім басқармасымен бекітілген. Жұмыс жоспарына сай 2021-2022 оку жылына мектеп кәсіподак келісімімен, мектеп директоры бекіткен сабак кестесі бар. Сабак кестесі оку жылының оку жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабак кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оку сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескерілген.

Білім алушылардың бір құндік және апта ішіндегі ой енбегінің жұмыска қабілеттілігі динамикасын ескеру және КР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № КР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-косымшасына сәйкес пәндерді қыындығына қарай саралау кестесін пайдаланған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Бірінші ауысымдағы сабак 8.00-ден 14.10-ке дейін өткізіледі. Екінші ауысым сабагы сағат 14.30.-де басталады.

2021 жылғы 31 тамызда өткізілген №1 Педагогикалық Кенес шешімі негізінде оку жоспары мен сабак кестелері бекітілді.

3). Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оку бағдарламаларына сәйкес әр сыныптарда инварианттық оку жүктемелері төменде келтірілген:

1 сыныптарда – 22,5; 2 сыныптарда – 23; 3 және 4 сыныптарда -26; 5,6 сыныптарда – 29; 7 сыныптарда – 32; 8 сыныптарда – 33; 9 сыныптарда – 34; 10 және 11 сыныптарда 33 оку жүктемесі бар. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оку бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілуде.

4). Білім және ғылым министрлігінің 22 сәуір 2015 жылғы №227 бұйрығының негізінде 2021-2022 оку жылындағы тәрбие жұмысының жоспары 2021 жылы 31 тамыздағы педагогикалық кеңестің №1 хаттамасына енгізілді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу

Тәрбие жұмысының басым бағыттары. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие